

## Жер телімдері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Шу ауданы мәслихатының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 12-5 Шешімі. Жамбыл облысы Шу ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 26 қаңтарда 68 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 тамыздағы № 43-5 шешімімен

Ескертпе. Күші жойылды - Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының 20.08.2015 № 43-5 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 11 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шу ауданы бойынша жер телімдері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларының түзету коэффициенттері мен аймақтардың шекараларын бекіту туралы" Шу аудандық мәслихатының 2006 жылғы 24 мамырдағы № 23-3 шешімі (нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6-11-33 болып тіркелген , 2006 жылғы 21 маусымдағы № 50 "Шу өңірі" газетінде жарияланған, "2006 жылғы 24 мамырдағы № 23-3 "Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларының түзету коэффициенттері мен аймақтардың шекараларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Шу аудандық мәслихатының 2007 жылғы 9 қазандағы № 3-3 шешімімен өзгерістер енгізілген (нормативтік құқықтық кесімдерінің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6-11-55 болып тіркелген , 2007 жылғы 22 қарашадағы № 96 "Шу өңірі" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап заңды күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*  
*Ж. Табулдиев*

*Мәслихат хатшысы*  
*Б. Саудабаев*

Шу аудандық мәслихатының  
2008 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 12-5 шешіміне қосымша

## Шу ауданы бойынша жер телімдері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері

№ Рет саны	Елді мекендер атауы және жер телімдерін пайдалану мақсаты	Түзету коэффициенттері	Бекітілген баға (теңге)
1	Шу қаласында тұрғын үй құрылысына берілетін жер телімдерінің нормадан тыс мөлшері және Шу қаласындағы көп қабатты үйлердің аулаларындағы көлік жай мен қоражайларға берілетін жер телімдері	0,5	390
2	Селолық елді мекендерде өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін берілетін жер телімдерінің нормадан тыс мөлшері және Төле би ауылындағы көп қабатты үйлердің аулаларындағы көлік жай мен қоражайларға берілетін жер телімдері	0,5	93,60

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК